

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің ара жігін ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 қарашадағы N 604 Конституциялық Заңы.

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Республикалық референдум туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 қарашадағы Конституциялық заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 22, 131-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 10, 341-құжат):

1) 21-баптың 1-тармағында:

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) референдумның бастамашыл тобын және оның референдумға ұсынатын мәселесін (мәселелерін) тіркеуді жүзеге асырады және бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ресми хабар орналастырады;"

мынадай мазмұндағы 12), 13), 14) және 15) тармақшалармен толықтырылсын:

"12) референдумның бастамашыл тобын тіркеу туралы куәліктің нысанын бекітеді;

13) референдумның бастамашыл тобын тіркеу туралы куәлік беруді жүзеге асырады , сонымен бір мезгілде қол қою парақтарын береді;

14) осы Конституциялық заңда көзделген жағдайларда бастамашыл топ мүшелерінің қызметін; бастамашыл топтың қызметін тоқтату туралы және оны тіркеу жөніндегі куәлікті қайтарып алу туралы шешім қабылдайды;

15) осы Конституциялық заңда көзделген жағдайларда жекелеген учаскелерде ( әкімшілік-аумақтық бірліктерде) референдум өткізуді жарамсыз деп таниды.";

2) 22-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) референдумның бастамашыл тобының қол қою парақтарының осы Конституциялық заңда белгіленген талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізеді.";

3) 23-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) бюллетеньдерді жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдайды.";

4) 28-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Референдумның нәтижелерін шығару кезінде бюллетеньдердің жарамсыз деп танылуына байланысты келіспеушіліктер туындаған жағдайда мәселені дауыс беру жолымен учаскелік референдум комиссиясы шешеді. Бұл ретте шешім комиссия мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысымен қабылданады."

2. "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 145-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 4, 44 құжат; 1999 ж., N 10, 344-құжат):

1) 14-баптың 6) тармақшасындағы, 15-баптың 4) тармақшасындағы "қолданылып жүрген заңдарда белгіленген" деген сөздер "өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Президентінің актілерімен жүктелген" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 19-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Үкіметтің қызметін ұйымдастыруға және оған басшылық жасауға байланысты басқа да функцияларды орындайды."

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" 1995 жылғы 29 желтоқсандағы конституциялық заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 173-құжат):

1) актінің нысаны және тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы;

2) кіріспе алып тасталсын;

3) мәтіндегі "осы Жарлықты", "осы Жарлықта", "осы Жарлықпен", "осы Жарлыққа", "осы Жарлықтың", "Осы Жарлық" деген сөздер тиісінше "осы Конституциялық заңды", "осы Конституциялық заңда", "осы Конституциялық заңмен", "осы Конституциялық заңға", "осы Конституциялық заңның", "осы Конституциялық заң" деген сөздермен ауыстырылсын.

**2-бап.** Осы Конституциялық заң 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті